



“ҰЛТТЫҚ ҒАРЫШТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ОРТАЛЫҒЫ”  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
“НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР КОСМИЧЕСКИХ  
ИССЛЕДОВАНИЙ И ТЕХНОЛОГИИ”

**БҰЙРЫҚ**

2014 10 03 64-Б

Ақпараттық

**ПРИКАЗ**

Ақпараттық

*«Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің  
Этика және қызметтік тәртібі кодексін бекіту туралы*

«Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамы (әрі қарай – Қоғам) қызметкерлерінің моральді-өнегелік бейнесі мен іскерлік сапасына талаптарды арттыру мақсатында,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамы қызметкердерінің ұсынылып отырған Этика және қызметтік тәртібі кодексі бекітілсін (1 қосымша).
2. Кадрлар жөніндегі инспектор (Қағазбаева К.Ж.) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын осы бұйрықпен таныстырсын.
3. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары бұйрықты Қоғамның барлық қызметкерлеріне жеткізуді қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Президент

**Ж. Жантаев**

**«ҰЛТТЫҚ ҒАРЫШТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ОРТАЛЫҒЫ» АҚ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЭТИКА ЖӘНЕ  
ҚЫЗМЕТТІК ТӘРТІБІ КОДЕКСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің Этика және қызметтік тәртібі кодексі (әрі қарай – Кодекс) «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамы (әрі қарай – Қоғам) қызметкерлері үшін, қызмет лауазымына байланыссыз, анықтайды:

- 4) кәсіби және жұмыстан тыс қызметтегі тәртібі ережесін;
- 5) тәртібінің этикалық нормаларын;
- 6) этикалық шиеленістердің алдын алу және оны шешу тәртібі критерийлерін.

2. Қоғам қызметкері Қоғамға жұмысқа тұрған соң, 3 күн мерзім ішінде осы Кодекспен жазбаша түрде таныстырылуы тиіс.

3. Қоғам қызметкерлі осы Кодекстің ережелерін сақтау үшін барлық шараларды қабылдауы тиіс.

**2. Қоғам қызметкері тәртібінің жалпы ережелері**

4. Қоғам қызметкері тиісті:

1) адал, әділ, сыпайы болу, жалпыға бірдей моральді-этикалық нормаларды сақтау, әріптестерімен қатынаста әдептілік пен сыпайылық көрсету;

2) Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтау;

3) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтау;

4) өзінің қызметтік міндеттерін адал, риясыз және сапалы орындау;

5) жұмыс уақытын тиімді пайдалану;

6) қол астындағы Қоғам қызметкерлерінен оның лауазымдық міндеттеріне жатпайтын тапсырмаларды орындауын талап етпеу;

7) Қоғамның басқа қызметкерлерінің қызметтік этика нормаларын бұзуына жол бермеу және оның алдын алу;

8) Өзінің әрекеттері арқылы Қоғамның басқа қызметкерлері тарапынан негізсіз сын айтылуына сылтау бермеу, өз қызметіндегі кемшіліктерді жою және жұмысын жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалану;

9) Қоғамның басқа қызметкерлеріне қатысты дәрежелікке бармау, адамгершілік қадір-қасиеттерін төмендетпеу, әдепсіздікке, тәртіпсіздікке, қоқан-лоқыға, тіл тигізуге жол бермеу, қалыпты қатынас жасауға кедергі келтіретін немесе құқық бұзушылыққа итермелейтін басқа да әрекеттер жасамау;

10) Қоғам қызметкері лауазымдық міндеттерін объективті орындауына сенімсіздік тудыратын сезімге ұстамды болу, сондай-ақ Қоғам мен оның беделіне нұқсан келтіретін шиеленісті жағдайлардан аулақ болу;

11) Қоғам қызметкерлері этикалық тартыс жағдайында Қазақстан Республикасы заңнамаларына, осы Кодекс қағидалары мен нормаларына сәйкес әрекет ету және этикалық тартыс немесе оның қаупі туралы басшылыққа жедел хабарлау;

12) Басшылықтың тапсырмаларын орындау барысында тек нақты және сенімді мәліметтерді ұсыну;

13) Ұжымда іскерлік қарым-қатынас пен сындарлы ынтымақтастық орнату мен нығайтуға ықпал жасау;

14) өзінің қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін кәсіби деңгейі мен біліктілігін көтеру;

15) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде киім киюдің іскерлік стилін ұстану.

### **3. Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттері**

5. Қоғам қызметкері іскерлік этикетті сақтауы, ресми тәртіп ережелерін сыйлауы тиіс.

6. Қоғам қызметкері өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде, жалпы мүдделер шиеленісіне алып келетін немесе алып келуі мүмкін жеке мүддені қуалауға жол бермеуі керек.

7. Қоғам қызметкері лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты жеке және заңды тұлғалардан сыйақы алуына тыйым салынады (ақшалай сыйлық, несие, қызметтер, демалысы мен сауық-сайранды, көлік шығындарын төлеу және басқа да сыйақылар).

8. Қоғам қызметкері басқа қызметкерлер тарапынан болған сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол бермеуі тиіс.

### **4. Көпшілік алдында сөз сөйлеу**

9. Қоғам қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеуді оның басшылығы немесе Қоғамның сөз сөйлеуге өкілетті тұлғасы іске асырады.

## **5. Осы Кодекс қағидалары мен нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік**

10. Осы Кодекс талаптарын Қоғам қызметкерлерінің білуі және сақтауы олардың міндеті, олардың моральді-этикалық және кәсіби сапалылығының критерийлерінің бірі болып табылады.

11. Осы Кодекс нормаларын бұзуға жол берген және осы арқылы құқық бұзушылыққа барған Қоғам қызметкері Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасында белгіленген тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

12. Қоғам қызметкерінің Кодекс нормаларын сақтауы аттестация, жоғары лауазымдарға ұсыну үшін кадрлар резервін қалыптастыру, сондай-ақ тәртіптік жазалар қолдану кезінде есепке алынады.

№ 64-Б  
03 10 2014

**Об утверждении Кодекса этики и служебного поведения  
работников акционерного общества «Национальный центр  
космических исследований и технологий»**

В целях повышения требований к морально-нравственному облику и деловым качествам работников акционерного общества «Национальный центр космических исследований и технологий» (далее – Общество),  
**ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый Кодекс этики и служебного поведения работников акционерного общества «Национальный центр космических исследований и технологий» (Приложение 1).
2. Инспектору по кадрам (Кагазбаева К.Ж.) ознакомить руководителей структурных подразделений Общества настоящим приказом.
3. Руководителям структурных подразделений Общества обеспечить доведение приказа до всех работников Общества.
4. Контроль над исполнением приказа оставляю за собой.

**Президент**

**Ж. Жантаев**

Вице-президент по науке \_\_\_\_\_  
Вице-президент по развитию \_\_\_\_\_  
Главный бухгалтер \_\_\_\_\_  
Главный экономист \_\_\_\_\_  
Нач. адм. управления \_\_\_\_\_  
Ст. инспектор по кадрам \_\_\_\_\_  
Начальник отдела ДО \_\_\_\_\_

**КОДЕКС ЭТИКИ  
И СЛУЖЕБНОГО ПОВЕДЕНИЯ  
РАБОТНИКОВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР КОСМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ  
И ТЕХНОЛОГИЙ»**

**1. Общие положения**

1. Кодекс этики и служебного поведения работников акционерного общества «Национальный центр космических исследований и технологий» (далее – Кодекс) определяет для работников акционерного общества «Национальный центр космических исследований и технологий» (далее – Общество), независимо от занимаемой должности:

- 1) правила поведения в профессиональной и внеслужебной деятельности;
- 2) этические нормы поведения;
- 3) критерии предупреждения и порядок разрешения этических конфликтов.

2. Работник Общества в трехдневный срок после поступления на работу в Общество должен быть ознакомлен с настоящим Кодексом в письменной форме.

3. Работник Общества должен принимать все необходимые меры для соблюдения положений настоящего Кодекса.

**2. Общие правила поведения работника Общества**

4. Работник Общества должен:

- 1) быть честным, справедливым, скромным, соблюдать общепринятые морально-этические нормы, в обращении с коллегами проявлять вежливость и корректность;
- 2) соблюдать установленные законами Республики Казахстан ограничения и запреты;
- 3) неукоснительно соблюдать трудовую дисциплину;
- 4) добросовестно, беспристрастно и качественно исполнять свои служебные обязанности;
- 5) рационально использовать рабочее время;
- 6) не требовать от подчиненных работников Общества исполнения поручений, выходящих за рамки их должностных обязанностей;
- 7) не допускать и пресекать факты нарушения норм служебной этики со стороны других работников Общества;

8) своими действиями не давать повода для обоснованной критики со стороны других работников Общества, использовать конструктивную критику для устранения недостатков и улучшения своей деятельности;

9) не допускать по отношению к другим работникам Общества фактов грубости, унижения человеческого достоинства, бестактности, некорректного поведения, угроз, оскорбительных выражений или реплик, действия, препятствующие нормальному общению или провоцирующие противоправное поведение;

10) воздерживаться от поведения, которое могло бы вызвать сомнение в объективном исполнении работником Общества должностных обязанностей, а также избегать конфликтных ситуаций, способных нанести ущерб его репутации или авторитету Общества;

11) в ситуации этического конфликта работнику Общества следует поступать в соответствии с законодательством Республики Казахстан, принципами и нормами настоящего Кодекса и немедленно сообщить о ситуации этического конфликта или об угрозе его возникновения руководству;

12) в процессе исполнения поручений руководителей предоставлять только объективные и достоверные сведения;

13) способствовать установлению и укреплению в коллективе деловых взаимоотношений и конструктивного сотрудничества;

14) повышать свой профессиональный уровень и квалификацию для эффективного исполнения служебных обязанностей;

15) придерживаться делового стиля в одежде в период исполнения своих служебных обязанностей.

## **2. Антикоррупционное поведение работников Общества**

5. Работник Общества должен соблюдать деловой этикет, уважать правила официального поведения.

6. Работник Общества при исполнении им должностных обязанностей не должен допускать личной заинтересованности, которая приводит или может привести к конфликту интересов.

7. Работнику Общества запрещается получать в связи с исполнением должностных обязанностей вознаграждения от физических и юридических лиц (денежное вознаграждение, ссуды, услуги, оплату развлечений, отдыха, транспортных расходов и иные вознаграждения).

8. Работник Общества должен пресекать факты коррупционных правонарушений со стороны других работников.

### **3. Публичные выступления**

9. Публичные выступления по вопросам деятельности Общества осуществляются его руководителем или уполномоченными на это должностными лицами Общества.

### **4. Ответственность за нарушение принципов и норм настоящего Кодекса**

10. Знание и соблюдение работником Общества требований настоящего Кодекса является их обязанностью, одним из критериев оценки их морально-этических и профессиональных качеств.

11. Работник Общества, допустивший нарушение настоящего Кодекса и совершивший в связи с этим правонарушение, несет дисциплинарную ответственность, установленную законодательством Республики Казахстан о труде.

12. Соблюдение работником Общества норм Кодекса учитывается при проведении аттестаций, формировании кадрового резерва для выдвижения на вышестоящие должности, а также при наложении дисциплинарных взысканий.